



**РУХАНИ
ЖАНҒЫРУ**

«Рухани жаңғыру біздің балабакшада»

Білім беру саласы: «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық»

Бөлімі: Көркем әдебиет, Математика негіздері, Сурет салу, Құрастыру

Такырыбы: «Рухани жаңғыру біздің балабакшада»

Мақсаты: Рухани жаңғыруды сипаттау және патриоттық сананы ынталандыратын ұлттық құндылықтарды жаңғырту. Балалардың бойында ұлттық ойындар арқылы ұлттық сана сезімді ояту, тұған жеріне деген құрмет, сүйіспеншілік, мактаныш сезімін үялату, ұлттық рухты сіңіру. Ұлттық құндылықтарды бағалауды үрету.

Үйымдастырылған оқу қызметі түрі: Кіріктірілген

Әдіс-тәсілдері: сұрақ – жауап, диалог құрастыру, ойын, түсіндіру, кайталау.

Көрнекі-құралдар: асық, фетрадан жасалған қималардан құралған қыран құс, сакина, ұлттық киімдер ұлттері, сандық суреті

Билингвальді компонент: ою- орнамент

Шаттық шеңбері:

Армысың, кайырымды Аспан ата,

Армысың, мейірімді Жер ана,

Армысың, Шұғылалы алтын күн,

Күліп шыкты күн бүтін.

Қайырлы тан,

Қайырлы күн

Қуанатын күн бүгін.

Сәлеметсіздерме, Здравствуйте, Hello

Бүтінгі күніміз сәтті өтсін.

Тәрбиеші: Балалар біз кайсы Республикада тұрамыз?

Біздің ұлттымыз кім? Біз қандай қалада тұрамыз?

(Балалардың жауаптары)

Ғажайып сәт: Қыран құстың қикулаған дыбысы шығады.

Тәрбиеші: Балалар нениң дыбысын есітіп тұрмыз. (Балалардың жауабы)

Экраннан қыран құстың ұшып келе жатқан бейнесін көрсету. Қыран құстың рухани жаңғырудың эмблемасы. Рухани жаңғыру – Болашакқа бастар жол. Рухани жаңыру туралы не ойлаймыз?(балалар пікірлері)

Қыран құс бізге де ұшып келіпті. Қыран құсымыздың аспанымызды қалықтап ұшуына біз көмектесемізбез? Олай болса қыран құстың тапсырмаларын орындаіык.

1 – тапсырма: (Сырғымақты ашып) **«Күйршаққа жыл мезгіліне сәйкес ұлттық киім киіндіру»**

Мақсаты: «Ұлттық киімдер», «Ұлттық бас киімдер». Жасалған күйршақтарға дайындалған киімдерді (ұл және қыз) ұлттық киімдерді жыл мезгіліне сай ажыратып киіндіру және шешіндіру.

Балалар ұлттық киімдердің атауларын атайды, қандай жыл мезгіліне сай киінгенін атап айттып береді.

2 – тапсырма: «Құрак көрпеше» құрастыру

Шарты: Әртүрлі пішіндерден қылған қималар арқылы құрак көрпеше құрастыру. Геометриялық пішіндердің аттарын, түстерін атая. Балалар фетрден жасалған құрак көрпешені топпен бірлесе отырып қурайды және қандай геометриялық пішіннен құрағанын, сол пішіннің түсін ажыратып айтады.

Ұлттық құндылығымызды жаңғырту мақсатында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша сәнді де, сапалы шыққан құрак көрпешемізді ЭКСПО көрмесіне апаруды ұсыламын.

3-тапсырма: Қандай ұлттық ойындарды білесіндер? Балалар өздері билетін ұлттық ойындардың атауларын атайды. Балалармен ұлттық ойын ойнау.

Ұлттық ойын: «Сақина жасыру»

Шарты: Ойынды өткізуші және сақина жасыруши бала белгіленеді. Қалған ойыншылар жерге отырып тізілерінің үстіне алақандарын жаяды. Бастаушы жұлулы қолын әрбір ойыншың алақанына салысымен, ол бала алақанын жаба қояды. Бастаушы бір баланың алақанына сақина салысымен, ойыншылардың біреуінен -«Сақина кімде»- деп сұрайды. Ол сакинаның кімде екенін білсе сол баламен орнын ауыстырады. Ал білмесе ол өз өнерін көрсетеді. Ойын басқарушы ойынды осылай жалғастыра береді. Балалар қызығушылықпен ойнайды.

Сергіту сәті: «Мен «Мен казакпын» (музыкамен) Балалар ыргакпен қымыл жасайды.

4– тапсырма Ұлттық бұйым «Сандықты әшекеймейміз»

Сандықты трафаретпен әшекейлеу әдісі түсіндіріледі

Сандықтың бетіне ұлттық օюөрнек әшекейлерін трафаретпен бастыру әдіс-тәсілдерін менгере отырып жұмыс жасау арқылы және губканы пайдалана отырып әшекейлеу. Балалар тапсырманы мүқият тындалап, әдіст түсініп орындаиды. Балалар Ұлттық құндылығымыз жаңғырту мақсатында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша сәнді де, сапалы шыққан сандығымызды көрмеге коямыз.

Қорытынды:

- Балалар бүгін ашық оқу қызметі сендерге несімен қызық болды?

(Балалардың жауабы.)

Біз бүгін ұлттық тәрбиемізге тамшыдай болса да өз ықпалымызды тигіздік деп ойлаймыз.

- Жарайсындар балалар.

Тәрбиеші: Балалар бүгінгі оқу қызметіміз ұнады ма? (Балалардың жауабы)

Балалар бүгін біз не жасадық, не көрдік? (Балалардың жауабы)

Күтілетін нәтиже:

- Мектепке дейінгі балалардың дүниетанымын қазақ әдебиетінің, салт – дәстүрлердің, ұлттық өнердің, ұлттық ойындар негізінде қалыптастыру
- Балалар қоқиегінде қазақ елінің азаматымын, қазақтың деген патриоттық сезімдері ұялату.



Көрнекі құралдар





